

## Қазақстан Республикасында халықаралық Олимпиада лотереясын өткізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 21 сәуір N 321. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.10.31. N 1326 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы Жарлығына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетінің қызметін мемлекеттік қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру, республикадағы олимпиадалық қозғалысты насихаттауға, оның материалдық базасын нығайтуға жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің, Олимпиада қозғалысына жәрдемдесу қорының, Алматы қалалық әкімшілігінің, "Технополис-банк" Акционерлік коммерциялық банкінің гректің "Интралот" компаниясымен бірлесіп Алматы қаласында, республиканың облыс орталықтарында Халықаралық Олимпиадалық лотереясын ұйымдастыру және өткізу мақсатында "Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамын құруы қолдауға ие болсын.

2. Олимпиадалық лотереяны ұйымдастыруға қажетті базаны құрушы шетелдік әріптес инвестициясының 22 млн. АҚШ долларынан тұратын, сондай-ақ "ЛОТО-ТОТТО" жүйесінің аталған компьютерлендірілген ойыны шетелдік құрылтайшының "ноу-хауы" болып табылатынын ескеріп, "Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамына аталған лотереяны оны өткізудің қосымшадағы шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасында өткізуге бірден бір құқық берілсін.

3. "Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамының шетелдік

қатысушыларына өзі тапқан пайда бөлігін шетелге өткізуге және кедергісіз аударуға, немесе оны Қазақстан Республикасында кез келген нысанда қайта инвестициялауға рұқсат етілсін.

4. Жергілікті әкімдерге, басқа да мемлекеттік басқару органдарына республика аумағында "Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамының Халықаралық Олимпиадалық лотереясы аймақтық

орталықтарын құруға жәрдем көрсету ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 21 сәуірдегі

№ 321 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында

"Қазақстан Супер-Лото" Халықаралық

Олимпиада лотереясын өткізудің

Шарты

"Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамы гректің "Интралот" компаниясының шетелдік әріптестер атынан қатысуымен ЛОТО-ТОТТО компьютерлендірілген лотереясының құрылтайшылығын қолға алады.

Қазақстан Республикасының аумағында аталған лотереяны ұйымдастырудың мақсаты республикада Олимпиадалық қозғалысты жан-жақты қолдау және насихаттау, олимпиадалық спорт түрлері мен республика аймақтарының материалдық және әлеуметтік базасын нығайту, Қазақстанның Ұлттық Олимпиада командасының Олимпиадалық ойындарға қатысуына сапалы даярлықты қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған лотерея таралымының ұтыс ойыны апта сайын Алматы қаласында өткізіледі.

Лотерея билеттерінің бланкілері фирмалық киоскілерде таратылады. Төлем билетті ұтыс ойынына өткізгеннен кейін алынады. Лотереяның құны бастапқы кезеңде (үш айда) бір нұсқа үшін 30 сом. Нұсқаны құны сұранысқа және инфляциялық процестің өсуіне қарай көтерілуі мүмкін.

Төлем жасалған нұсқадан алынған жылдық табыс республика бойынша 3 млрд. сомды құрайды, осы соманың кем дегенде 50 проценті ұтыс қорын қалыптастыруға жіберіледі.

Ұтыстың шекті мөлшері төленген нұсқалардың санына тәуелді және ұтыс қорының мөлшерімен шектеледі.

Ұтыс нұсқалары болмаған кезде сыйлық сомасы ұтыс қорына түседі және келесі таралымдарда ойынға енетін болады.

Таралымның нәтижесі ол тікелей өткізілгеннен кейін белгілі болады және бұқаралық ақпарат құралдары мен билеттерді сату нүктелері арқылы халыққа жеткізіледі.

1000000 сомға дейінгі ұтыстар Акционерлік коммерциялық "Технополис-банк" банкіне билеттерді көрсеткен сәтте дереу, одан көп сомалар ұтыс шыққан лотерея билетін төлемге көрсеткеннен кейін бір апта мерзімде жүргізіледі.

Ұтыстарды төлеудің шекті мерзімі - таралым жүргізген күннен бастап 1 жыл.

"Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамы терминалдар құрумен белгіленген санда билеттер таратушылар штатын ұстайды және оларға жалақы төлеудің деңгейін айқындайды (валюталық табыстың 5 проценті шегінде).

Лотерея билеттерінің нұсқаларын сатудан алынған түсім Акционерлік "Технополис-банк" коммерциялық банкі бөлімшесінің N 004467612 код 703 МФО 190501109 арнайы шотына түседі.

"Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамының  
табысын бөлудің үлгі сметасы

Алматы қаласында терминалымен 1 мың киоск орналастырылған (1 терминал 4 мың нұсқаға дейін қызмет көрсетеді) және бір нұсқаның құны 30 сом болған жағдайда бір таралымнан түсетін жалпы табыстың жалпы сомасы 120 млн. сомды құрайды.

Осы соманың:

50 проценті (60 млн. сом) ұтыс қорына жіберіледі

20 проценті (12 млн. сом) мемлекеттік бюджетке аударылады

30 проценті (48 млн. сом) "Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамының табысын құрайды.

"Қазақстандық лотерея" акционерлік  
қоғамының табысын бөлу

Бір таралымнан түскен табыс 48 млн. сом (30 процент) болған және аталған табыс 100 процент деп қабылданған жағдайда:

60 проценті - (22 млн. доллар инвестицияның орнын жабуы  
ескере отырып) 27 млн. сомнан құралған  
шетелдік қатысушылардың табысы

40 проценті - 18 млн. сом сомадағы қазақстандық  
қатысушылардың табысы

Қазақстандық қатысушылардың табыстары төмендегідей болып:

- 20 проценті - Ұлттық Олимпиада комитетіне;
- 20 проценті - Олимпиадалық қозғалысқа жәрдемдесу қорына;
- 18 проценті - "Технополис-банк" Акционерлік коммерциялық  
банкiне;
- 20 проценті - Алматы қаласының әкіміне;
- 22 проценті - "Қазақстандық лотерея" акционерлік қоғамының  
резервтік және басқа қорларына бөлінеді.